

## Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 шілдедегі № 9842 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 тамызда № 5-1-89 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 02 желтоқсандағы N 14188 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2011.12.02 № 14188 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағының, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағының негізінде, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлерінің тізімі бекітілсін.

2. Төмендегі қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) 2006 жылғы 9 наурыздағы N 2568 "Жазалау түрінде қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-33 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 8 сәуірдегі "Дидар", 2006 жылғы 4 сәуірдегі "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған;

2) 2007 жылғы 29 наурыздағы N 27 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 2568 "Жазалау түрінде қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-58 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 28 сәуірдегі "Дидар", 2007 жылғы 3 мамырдағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған.

3. Осы қаулы қолданысқа алғашқы ресми жарияланған күннен кейін енгізіледі.

*Өскемен қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы  
Келісілді:*

*А. Каширин*

Шығыс Қазақстан облысы бойынша  
қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті  
басқармасы бастығының міндетін  
атқарушы, әділет полковнигі

Т. Белгиубаев

Өскемен қаласы әкімдігінің  
2008 жылғы 24 шілдедегі  
N 9842 қаулысымен  
бекітілген

## Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлерінің тізімі

N p /p	Қоғамдық жұмыстар объектілері	Қоғамдық жұмыс түрлері
1	2	3
1	Өскемен қаласы әкімдігінің "Өскемен көп салалы кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта атау және Жарғысына өзгерістер енгізу туралы	аумақты тазалау және көркейту
2	"Өскемен Водоканал" мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	аумақты тазалау және көркейту

Өскемен қаласы әкімі  
аппаратының басшысы

М. Сайдуақасова